

Құқығын білген қор болмас

Сабактың мақсаты:

а) білімділігі: оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру;

ә) тәрбиілігі: Оқушылардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру;

б) дамытушылығы: ой-өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту;

IV. Сабактың көрнекілігі: интерактивті тақта, Қазақстан Конституциясы кітапшасы, Бала құқықтары туралы Конвенция, Бала құқығын қорғау туралы видеороликтер т.б нақыл сөздер,

Тақырыпты ашу: видео көрсетіледі.

Балалар, қалай ойлайсыңдар, қай жасқа дейін азамат бала болып саналады?

Бала құқықтары туралы заңда 18 жасқа дейінгі азаматтарды бала деп есептейді. (кәмелетке толмағандар)

Сендер қалай ойлайсыңдар, баланың өкілі кім?

Әрине, баланың қорғаушылығы мен құқығын қорғайтын, тәрбиесіне, білім алуына қамқорлықты қамтамасыз ететін адамдар: ата-анасы, асыраушысы, қамқоршысы.

3. Жастар арасындағы қылмысты азайту үшін не істеу керек?

4. Егер сіздер балашақта заң саласында қызмет етсеңдер қандай заң ұсынар едіңдер?

Кіріспе сөз.

Мұғалім: Бүгін біз адам дүниеге келгеннен бастап, тұлға боп қалыптасқанға дейін қандай құқықтарға ие болатынын білеміз, яғни сіздердің құқықтарыңыз жайында әрқайсысыңардың білмеуіңіз болар. Әрбір адам өзінің құқықтары мен бостандықтарынан қорғайтын заңдарды білу керек. Сондай-ақ заң адамға міндеттер жүзтейді. Адам басқалардың құқықтарын бұзбауы, олардың өміріне, денсаулығына, абыройына қол сұқпауы керек.

Адам бәрінен бастап мемлекеттің қарамағында қорғауда болады. Себебі ол осы мемлекеттің азаматы. Сендердің де әр қайсысыңардың осы мемлекеттің азаматы екеніңізді білеміз. Бірақ біздің білмеуіміз әрқайсысымыздың құқықтарымыз бен міндеттерімізді қалай білдіреді. Ол туралы Конституцияда жазылған. Конституция дегеніміз не?

Конституция — бұл Қазақстан Республикасында тұратын барлық азаматтардың құқықтары мен міндеттері белгіленген құжат.

Біздің мемлекетіміздің құнына қашан мерекелейді? /30 тамыз/

Балалар, өздерің айтқандай Конституцияда Қазақстан республикасында тұратын адамдардың құқықтары мен міндеттері жазылады. Осы заңға бағынатын, оны орындайтын адамдарды кімдер дейміз? /азаматтар/
Осы азамат деген ұғымға сендерде жатасыздар.

Ендеше, балаларға арналған олардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын арнайы құжат бар. Оның аты – Конвенция деп аталады.

Конвенция – арнайы бір мәселе жөніндегі мемлекеттердің өзара келісімі.

Бұл Конвенцияда Біріккен Ұлттар Ұйымына қатысатын бірнеше елдің өкілдері бірлесіп отырып, сосындай халықаралық шарт 1989 жылы 20-қарашада қабылданды.

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМ

Тақырыбы: «Құқық бұзушылық және жасөспірім»

Мақсаты : Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру. Құқықтық тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігі түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету.

Көрнекілік : Интербелсенді тақтаның көмегімен дайындалған слайдтар, қанатты сөздер, мақал- мәтелдер, тірек сызбалары.

Тәрбиелік шараның жүрісі:

I.Ұйымдастыру кезеңі.

II. Халық даналығы.Мақал-мәтелдер мағынасын ашу.

III. Сұрақ-жауап.Пікірталас.

IV. Ойлан тап.

V.Қорытынды.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Мұғалім сөзі:

Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни, келешегі болмайды. Мұны адамдар ежелден-ақ жақсы түсінген. Сондықтан да қоғамда тәртіп орнатудың жолдарын қарастырған. Дегенмен де, керісінше қоғамдық тәртіпті бұзуға бейім азаматтар да аз болмаған. Осыдан келіп құқық бұзушылық орын ала бастады.

Құқық бұзушылық — қоғам өміріне тән дерт. Адам баласы өмір сүрген ортада ол да әрқашан орын алады. Бұл шартты құбылыс. Құқық бұзушылық — заңды, оның қағидаларын құқықтық нормалар жүктеген міндеттерді бұзу, тыйым салынған әрекеттерді жасау. Ол адамдардың іс-әрекеті, қылығы, мінезі немесе әрекетсіздігімен сипатталады. Адам өзінің іс-әрекеті, қылығы арқылы басқа адамдармен, қоғаммен, мемлекетпен қарым-қатынасқа түседі. Заң бұзушылық адамның мінез-құлқы арқылы байқалады. Адамның ой-желісі заңмен реттелмейді. Бірақ қандай да болсын іс-әрекет, мінез-құлық, ойдың, сана-сезімнің қатынасуынсыз жасалмайды. Олар ойдың елегінен өтіп, бақылауында болады. Ақылы дұрыс адамның іс-әрекеті ерік пен ойдың арқасында жүзеге асырылады. Демек, заңды бұзушылық қоғам мен жеке тұлғаларға зиян келтіретін және құқықтық нормаларға қарсы әрекет немесе әрекетсіздік болып табылады. — Әрекет — бұл құқық нормаларының іс-қимыл жасай отырып жүзеге асуы, ал әрекетсіздік құқық нормаларының талаптарын ешқандай іс-қимыл орындалмаса да бұзу арқылы орын алады.

II. Мақал-мәтелдер. (Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер айтып, мағынасын ашу)

- 1.«Ісін өндіре алмаған қырсыз бала ,қырсығын әкесінен іздейді.»
2. «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің.»
3. «Балаңды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлыңдай қина, он үштен ары сырласыңдай сыйла.»
4. «Жақсы бала сүйініш , жаман бала күйініш.»
5. «Атаңа не қылсаң алдыңа сол келер
- 6 Біреуге ор қазба, өзің түсесің.
7. Заңның құрығы, бәрінен ұзын.
8. Ұрлық түбі, қорлық.
9. Өтірікшінің құрығы, бір – ақ тұтам.
10. Тура биде, туған жоқ.
11. Туғанды биде, иман жоқ.
12. Қолыңмен істегенді, мойныңмен көтер.
13. Тек жүрсең, тоқ жүресің.

14. Заңды сыйлаған, еркін жүреді.

III. Сұрақ-жауап. (Мұғалім оқушыларға слайд тапсырмалары бойынша сұрақ қояды, оқушылар жауап береді. Мұғалім толықтырады)

1. Жеке адамның құқығы дегеніміз не?

Адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған заң арқылы қорғалған тәртіптік шара.

2. Құқықтың қандай түрлерін білесіңдер?

- Жеке (азаматтық)

- Саяси

- Экономикалық

- Әлеуметтік

- Мәдени т.б.

3. Адам құқығы қай уақыттан пайда болады?

Туылғаннан беріледі

4. Оларды орындау үшін не қажет?

Міндеттерін орындау

5. Адамның негізгі құқығы?

Өз құқықтарын пайдалану құқығы

6. Құқық қашан және қайда пайда болды?

Азаматтарға құқық керек кезде, ол пайда болады.

7. Бізге құқықпен бірге бостандық беріледі. Бостандық – деген не?

Бостандық – бұл таңдау

8. Бостандықты не шектейді?

Бостандық және өз қалауымен орындамалық – бұлар бірдей ме? -Бостандықты шектеу әр адамның саналығында

IV. Ойлан тап. (Интербелсенді тақтаның көмегімен дұрыс жауабын табу.)

1. Құқық -----А – Еліміздің негізгі заңы.

2. Конституция -----Б – Мемлекет басшысы

3. Мемлекет -----В – Негізгі саяси қоғамдық ұйым

4. Азамат -----Г – Тәуелсіздік

5. Құқық бұзушылық -----Д – Заңдар жүйесі

6. Президент -----Е – Заң шығарушы орган

7. Парламент -----Ж – Заң жүйесін бұзу

8. Егемендік -----З – Құқығы бар ел тұрғыны

Дұрыс жауабы:

1-Д, 2-А, 3-В, 4-З, 5-Ж, 6-Б, 7-Е, 8-Г

V. Қорытынды

Құқықтық тәрбие мен құқықтық жігерлі сана алдымен отбасынан басталады. Бүгінгі қоғамды дамыту үшін әрқайсысымыз құқықтық заңға құрметпен қарап, өз бойымызда құқықтық сана мен жігерді шыңдауымыз керектігін өмір көрсетіп отыр. Аталған қылмыс түрлерін болдырмау, оның алдын алу үшін құқықтық насихатты күшейтіп, құқықтық тәрбиені одан әрі жетілдіру қажет

№39 «Қызылөзек» орта мектебі

Бала құқығы

Сынып жетекшісі: Ж.Омарова

Бекітемін:-----

Тәрбие сағаты: «Бала құқығы»

Мақсаты: а) Адам құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру.

ә) Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету.

б) Оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ата Заң, тәртіп туралы нақыл сөздер, Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы, интерактивті такта.

Сабақтың түрі: құқықтық сауаттандыру

Сабақтың барысы

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Кіріспе

Мұғалімнің Заң туралы кіріспе сөзі

III. Негізгі бөлім

Тренинг «қол соғыңыздар, егер ...» ойыны

«Бала құқығы туралы халықаралық конвенция»

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы Заң сөздікшесі

Балаларды қорғауға арналған халықаралық күндер «Әрекет-қабілеттілік пирамидасы»

«Өз құқығыңды біл!». Баланың құқықтары мен міндеттері «Менің құқығым» тренинг

«Ой жалғау» «Кім тапқыр?» Тренинг «Ассоциация»

IV. Қорытынды

Ата Заң- қорғанымыз. «Азамат жолы-ар жолы» демекші, ешкімнің ала жібін аттамай, өз құқымызды да, өзгенің құқығың да бұзбай тәуелсіз елдің арқа сүйер айбынды, ақылды ұл-қызы болып өсейік.

«Еліміздің ертеңгі тағдыры сіздермен байланысты» деген еді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Ендеше сабағымыздың соңынды сендерге мынадай үндеу тастағым келеді.

Үндеу

Жас жеткіншек! Сен өзінді құрметтеуге тиіссін. Бойындағы бар қабілетінді тек жақсылыққа бағыттай біл. Зиянды әдеттерден, ішімдіктен, шылымнан, есірткіден аулақ бол. Ар-намысыңды биік ұста. Өз тағдырың-өз қолыңда. Өзіңе сен. Өзіңе сенімді адам

ғана өзгелердің теріс әсеріне бағындай өзін сақтай алады. Тәртіпті бол, өз құқығыңды дұрыс пайдалан. Сен ел үшін керексің, өйткені сен- тәуелсіз еліміздің болашағысың.

1. Гимн орындалады. (сынып ұжымы)

Тренинг барысы:

«Қол соғыңыздар, егерде ...» ойыны

— сіздер бүгін жақсы көңіл-күймен және жаңа білім алуға келсеңіздер;

— кімді адам құқығы, оның ішінде баланың құқықтары ойландырады;

— кім адам құқықтарын және бала құқықтарын сақтап және құрметтей отырып жұмыс істеуге дайын.

Заң дегеніміз- қоғамның негізгі тірегі. Қоғам деп отырғанымыз-мына біздер. Ата Заңымыз- еліміздің рәміздерінің бірі. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Конституция — бұл да ел рәміздерінің бірі. Сондықтан негізгі Заңды елдің Туы, Әнұраны, және Елтаңбасы секілді қадірлеу, құрметтеу-біздің парызымыз» деген. Сондықтан әрбір адамның заң талабына бағынып жат қылықтар, өрескел тәртіп бұзушылыққа бармауы, өзіне жүктелген міндетті уақытылы орындаудың өзін еліміздің Ата Заңын, халықты құрметтеуі деп білуімізге болады.

Конституция- елдің барлық ережелері жинақталған мемлекеттің негізгі құжаты.

Сондықтан да біз оны Ата Заң деп құрметтейміз. Әрбір адам өзінің де, өзге елдің заңына бағынуға міндетті. Әр мемлекеттің өзіне тән заңы бар. Олай болмағанда дүние астаң-кестеңі шығып, небір жан түршігерлік нәрселер болар еді. Сан мыңдаған жылдар бұрын адамзат пайда болды. Міне, сонымен қатар түрлі мәселелер де туындай бастады.

«Адамдар не істеуге болады, не істей алады?» деген сұрақтар туындай бастады. Міне, осы кезде әр елдің заңы, ережелері шыға бастады.

Міне, балалар, адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап оның өмірін,

денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар. Бұл заң- **1948 жылы 10-**

желтоқсанда қабылданған «Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясы», сонымен

қатар **1959 жылы** қабылданған «Бала құқықтары декларациясы». Міне осы декларациядан

кейін 61 ел қол қойған **1989 жылы 20-қарашада** «Бала құқығы туралы конвенция»

қабылданды. Қазірде бұған 91 мемлекет кірген.

Конвенция дегеніміз- арнаулы мәселелер жөніндегі келесім шарт.

Осы Конвенция негізінде 2002 жылы тамызда Қазақстанда «Бала құқығы туралы» Заң

қабылданды. Бұл Заң 10 тарау, 53 баптан тұрады. **2002 жылы 2-қыркүйекте** Қазақстан

«Бала құқығы туралы конвенцияға» қол қояды, сөйтіп қазақстанның «Бала құқығы

туралы заңы» енгізілген.

Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылы 8 тамызда № 345 Заңы

«Бала құқығы туралы халықаралық конвенциядан» Конвенцияға кіретін құқықтардың бәрі барлық балаға бірдей тарайды. Конвенцияға қол қойғаннан кейін балаларды кемсітуден қорғауға және олардың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін белсенді шаралар қолдану міндетін мемлекет өзіне алады.

«Бала құқығы туралы халықаралық конвенциядан»

— Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

— Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы.

— Әрбір бала өз отбасында ата-анасымен бірге өмір сүруге құқылы.

— Бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкім ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ.

— Бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы.

— Әрбір баланың ой-пікір, ар-ождан және дін еркіндігіне құқығы бар.

— Бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы.

— Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы.

— Бала өз ойын еркін айтуға құқылы.

Балалар адамға қатысты барлық құқықтарға ие, бірақ ересектерге карағанда өз құқықтарын қорғау мүмкіндіктері аз болғандықтан ерекше құқықтық қорғауды қажет етеді. Қазақстанда балалардың құқығын қорғау үшін арнайы күндер берілген.

1-маусым Балаларды қорғаудың халықаралық күні

20-қараша Балалардың дүниежүзілік күні

10-желтоқсан Адам құқығы күні

10-желтоқсан 1948 жылы Адам құқықтарының жалпыға ортақ Декларациясын БҰҰ қабылдады.

1959 жылы Әлемде бала құқығының халықаралық күнін мерекелеу Декларацияны жариялаудан басталды.

1979 жылы Балалардың халықаралық жылы өтті

20-қараша 1989 жылы БҰҰ-да Бала құқықтары туралы Конвенция қабылданды

28-қазан 1993 жылы Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды

8-маусым 1995 жылы Қазақстан Бала құқықтары туралы Конвенцияны бекітті.

«Әрекет-қабілеттілік пирамидасы».

40 жас- Президент

30 жас -Сенат депутаты

25 жас – Полиция, сот

20 жас- Маслихат депутаты

18 жас- Сайлау, үйлену құқығы

17 жас- Өсиет жазу құқығы

16 жас- Төлқұжат, еңбек ету құқығы, қылмыстың барлық түрлері бойынша жауапқа тартылу

15 жас- Жұмыс істеу (рұқсатпен)

14 жас- Қылмыстық ісі үшін жауапқа тартылу, еңбекақыға иелік ету

10 жас- Асырап алуға, қорғаныш болуға келісім беру, ата-аналардың бірімен тұруын таңдау құқығы

6-7 жас-Тұрмыстық келісім шааралар, мектепке оқуға баруға

0 жас- Туу, құқық қабілеттілікке ие болу

«Менің құқығым»

(Әрбір бала-орындарынан тұрып бір-бір құқықтан айтады)

Сұрақ: Сен өз құқығың туралы не айтар едің?

Сұрақ: Бала құқығының қандай түрлері таныс?

Сұрақ: Күнделікті өздерің қолданып жүрген құқықтарыңды ата?

Мұғалім: Әрбір адамзат құқықтырын пайдаланып қана қоймай өз міндеттерін де білуі, орындауы керек.

Ал Қазақстан Республикасының азаматтарының міндеттерімыналар:

Заңдарға бағыну

Басқа азаматтардың құқықтарын, бас бостандықтарын, арын құрметтеу.

Мемлекет рәміздерін құрметтеу

Салықты төлеу

Тарихи және мәдени байлықтарды сақтау

Табиғатты және табиғат байлықтарын сақтау

Ата-аналардың балаларына қамқорлық ету міндеттерін орындауы

Орта мектеп білімін алу

Қазақстан Республикасын қорғау

Ал азаматтар өз міндеттерін дұрыс орындамаса, ол құқық бұзушылық болып табылады.

-Балалар, құқық бұзушылық деген қылмыс екен. Ал біздің өз арамызда қылмыс жасау жағдайлары болған жоқ, бірақ тәртіп бұзушылықтың өзі қылмысқа апарып соғары белгілі. Қандай бала тәртіп бұзады? Әрине, тәртіпсіз бала. Ал тәртіпсіз бала деп қандай баланы айтар едіңдер.

/Оқушылар жауаптары тыңдалады/

Мақал-мәтелдердің жалғасын табу

«Ой жалғау»

Заңның құрығы..... (бәрінен ұзын)
Өш алғаннан гөрі..... (кешірген жөн)
Ақырын жүріп..... (анық бас)
Асыл тастан..... (өнер жастан)
Ұрлық түбі..... (корлық)
Әдепті бала.....(арлы бала)
Тәрбие.....(отбасынан басталады)
Әділ істің.....(арты игі)

Кім тапқыр?

Мемлекет билігінің қайнар көзі Халық (3-бап)
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері қашан қабылданды? 1992 жылы
Қазақстан азаматы екінші, басқа елдің азаматтығын алуға құқықты ма? Жоқ (10-бап)
Өз дінім мен ұлтымды айыптауға құқығым бар ма? Иә (19-бап)
Әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін таңдауға құқығы бар ма? Иә (23-бап)
Президент кәсіпкерлік қыметпен айналыса ала ма? Жоқ (43-бап)
Елімізде жоғары өкілетті орган Парламент (49-бап)
Қазақстан азаматы болуға қашан құқылысыз? Дүниеге келген кезде (12-бап)
Еліміздің төл мейрамдарын атаңыз? Конституция күні
Республика күні
Тәуелсіздік күні

Қорытынды: Ата Заң- қорғанымыз. «Азамат жолы-ар жолы» демекші, ешкімнің ала жібін аттамай, өз құқымызды да, өзгенің құқығың да бұзбай тәуелсіз елдің арқа сүйер айбынды, ақылды ұл-қызы болып өсейік.

«Еліміздің ертеңгі тағдыры сіздермен байланысты» деген еді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Ендеше сабағымыздың соңынды сендерге мынадай үндеу тастағым келеді.